

Асилова А.С., Амалбекова Г.Е.,
Муратова Д.Б.

**Ауыл шаруашылығын
мемлекеттік қаржыландыру
көздері**

Республикалық және аймақтық деңгейде ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттен қаржыландыру көздерін және оның жағдайын жақсартуды негіздеу мәселелерінің жеке аспектілері аз зерттелген және барлық мәселелер мен міндеттерді қамтымайды. Бұның барлығы зерттеу тақырыбын, оның мақсаты мен міндеттерін таңдауға себеп болды. Еліміздің Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіруі жағдайында салалардың қаржы ресурстарын тиімді пайдалана және қалыптастыра алатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылық қолдау мен мемлекеттік реттеудің қаржылық көздері жіктеліп, ауыл шаруашылығын қаржыландырудың қазіргі жағдайына талдау жүргізілген. Ішкі аймақтық өнімнің бір бөлігі болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың таза пайдаларын қалыптастыру механизмін жетілдіру бағыттары ұсынылады. Экономиканың халық шаруашылық кешенінің басты салаларының бірі Қазақстанның ауыл шаруашылығы болып табылады. Мұнда барлық қоғамға өмірлік маңызы бар өнімдер шығарылады, сонымен қатар белгілі бір экономикалық, қаржылық және ресурстық әлеует жинақталған. Ресурстық әлеует жер, материалдық және еңбек ресурстарымен ұсынылады.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, қаржыландыру көздері, агро-өнеркәсіптік кешен, бюджет шығындары, негізгі капитал, инвестиция.

Assilova A.A., Amalbekova G.E.,
Muratova D.B.

**Sources of Public Financing of
Agriculture**

Improving the state of public financing at the level of the republic and the region are poorly understood and require further study. The foregoing predetermined the choice of theme, purpose and objectives of the study and led to the need for comprehensive research of agricultural financing problems. In the context of the country's entry into the Foreign Trade Organization of the state and sources of public financial support for agricultural producers, which can effectively and efficiently use financial resources they have been investigated and analyzed. Directions of perfection of process of formation of agricultural incomes should consist of a system of state regulation measures. One of the main industries of national economy complex economy is the agriculture of Kazakhstan. Here available products, it is vitally important for the whole society, along with that have accumulated a certain economic, resource and financial potential. The resource potential offered in the form of material and labor resources.

Key words: agriculture, financial resources, agronomy, budget expenditures, fixed capital, investment.

Асилова А.С., Амалбекова Г.Е.,
Муратова Д.Б.


**Источники государственного
финансирования сельского
хозяйства**

Вопросы улучшения состояния государственного финансирования на уровне республики и региона мало изучены и требуют дальнейшей проработки. Вышеизложенное предопределило выбор темы, цель и задачи исследования и обусловило необходимость комплексного исследования проблем финансирования сельского хозяйства. В условиях вхождения страны в ВТО состояние и источники государственной финансовой поддержки сельхозтоваропроизводителей, которые эффективно и рационально могут использовать финансовые ресурсы, были исследованы и проанализированы. Процесс совершенствования формирования доходов сельского хозяйства должен включать меры государственной системы регулирования. Одним из главных отраслей комплекса народного хозяйства экономики Казахстана является сельское хозяйство, производящее продукты, жизненно важные для всего общества. Наряду с этим в Казахстане накоплен определенный экономический, ресурсный и финансовый потенциал. Ресурсный потенциал предложен в виде материальных и трудовых ресурсов.

Ключевые слова: сельское хозяйство, источники финансирования, агропромышленный комплекс, бюджетные расходы, основной капитал, инвестиция.

**АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫН
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
КӨЗДЕРІ**


Экономиканың халық шаруашылық кешенінің басты салаларының бірі Қазақстанның ауыл шаруашылығы болып табылады. Ауыл шаруашылығында материалдық өндіріс аймағының жұмыс істейтін 30%-ы бос емес, ұлттық жалпы табыстың үшеуі құрылады, барлық өндіруші корлардың бесінші бөлігі қызмет етеді.



1-сурет – АӨК қаржы ресурстарының негізгі көздері

Нарық жағдайында шаруашылық субъектілердің қаржы ресурстарын қалыптастыру және қолданудың механизмдерін жасау және енгізу өзекті және күрделі болып отыр. Негізгі қаржы ресурстарын сала қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып есептеудің негізгі кезеңдері мыналар:

- ішкі көздер есебінен жеке қаражаттардың (таза пайда, амортизациялық аударымдар) мөлшерін анықтау;
- заимдық қаржы ресурстарын анықтау (1-сурет).



2-сурет – 2008-2014 жылдардағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының таза табысы, млн теңге

Негізгі капиталды тұтыну бұл негізгі капиталдың физикалық және рухани тозуы кезіндегі оның құнының азаю соммасын білдіреді, яғни кәсіпорынның негізгі қорларының құнынан алынатын амортизациялық аударымдар мөлшері, ол да кәсіпорынның қаржы ресурсының қайнар көзі болып табылады [1]. Бірақ олардың табыс құрылымындағы үлесі талданып отырған кезеңде 15,5%-дан 10,5%-ға дейін төмендеген. Бұл жағдай отандық АӨК кәсіпорындары озық технологияларды енгізу мәселесімен толық айналыспайтынын тағы бір дәлелдеп отыр, яғни олар әлі де өндірісте ескі техниканы қолдануда. Ауыл шаруашылығында табысты қалыптастыру процесін реттеу жүйесі біздің ойымызша реттеудің мемлекеттік жүйесінен тұруы тиіс (3-сурет).

Осылайша, ауыл шаруашылығында табысты қалыптастырудың маңызды бағыттары мыналар болуы тиіс:

- ауыл шаруашылығы техникасының лизингін дамыту;
- АӨК-нің кәсіпорындарының демонополизациялануы;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатып алынуын алу арқылы нарықта қолайлы тұрақты конъюнктураны қамтамасыз ету;
- нарықтық инфрақұрылымның дамуына ықпалдасу;
- жеңілдетілген несиелендіру және салық салу;
- ауыл шаруашылығы үшін білікті мамандар дайындау.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жеке қаражаттары АӨК үшін толыққанды қаржы

ресурстары бола алмайды. Мұнда қаржы ресурстарының негізгі көзі ретінде мемлекеттік бюджет қаражаты табылады [2].

Бюджет шығындары өздерінің экономикалық мазмұнына қарай ағымдағы және капиталды болып бөлінеді. Қазақстанда бюджеттік процестің тиімділігі шығындардың бюджеттік классификаторында көрінеді [3].

Республикалық бюджет Қазақстанның даму стратегиясын жүзеге асыру құралы болып табылады [1]. Сондықтан республикалық бюджет шығындарының қандай да бір стратегияның басымдықтарына ықпалын анықтау үшін бюджет шығындарының құрылымын және «Қазақстан 2050» даму Стратегиясын қарастыру қажет (4-сурет).


2008-2011 жылдар аралығында АӨК-ні дамытуға республикалық бюджет шығындары 135925 млн теңге болды, мұнда шығындар 2011 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге өсті (1-кесте). 2013 жылы АӨК-ні қолдауға республикалық бюджеттен 190 млрд теңге жұмсалды (2012 жылы – 230 млрд теңге). 2014 жылдан бастап бұрын трансферттер ауылшаруашылығы Министрлігі (ары қарай АШМ) арқылы келіп субсидияланса, қазіргі таңда олар жергілікті бюджет базасына берілген.

Мұнда негізгі тұтынушыларды, яғни ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау, субсидиялау, жеңілдетілген несиелендіру, жеңілдетілген режимде салық салу, ақысыз негізде қызмет көрсету және басқа да формада көрсетілді.

Динамика көрсетіп отырғандай, өсімнің ең үлкен қарқыны соңғы жылдары қалыптасты, өйт-

кені мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны орындау осы саланың тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды қарастырады. Агро-өнеркәсіптік кешенді дамытуға республикалық

бюджеттен шығындар көлемінің өсу қарқыны 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 15,03%-ға артқан, ал 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 28,9%-ға артқан.




3-сурет – Ауыл шаруашылығында табысты қалыптастыру процесін реттеу


1-кесте – 2008-2014 жылдардағы АӨК дамытуға жұмсалған Республикалық бюджет шығындары, млрд теңге

| Аталуы | Жыл | | | | | | | Ауытқу (+;-) | Ауытқу (+;-) | Өсу қарқыны, % |
|------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|----------------|---------------|----------------|
| | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2014 2008ж. | 2014 2013ж | 2014 2013ж |
| ҚР АШМ | 93,2 | 159,5 | 161,3 | 200,2 | 229,1 | 295,3 | 339,7 | 246,5 | 44,4 | 115,0 |
| Шығындардың жалпы көлеміндегі, %-ы | 5,9 | 5,8 | 5,2 | 5,0 | 5,9 | 5,0 | 4,0 | -1,9 | -1,0 | 80,0 |
| Шығындар | 2068,3 | 2703,5 | 3118,6 | 3860,9 | 4605,1 | 5291,2 | 5903,1 | 3834,8 | 611,9 | 112,0 |

Ескерту – ҚР статистика агенттігі мәліметтері негізінде автормен құрылған



4-сурет – Республикалық бюджет, 2008-2014 жылдар, млрд теңге



5-сурет – 2008-2014 жылдары АӨК-ні дамытуға жергілікті бюджеттен бөлінген шығындар, млн теңге

Дағдарысқа қарсы шараларды орындаудан АӨК-ге қосымша қаражаттар бөлінді. 2008-2010 жылдарда 120 млрд теңге қаражат ҚР Ұлттық Қорынан бөлінді.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін қолдау және дамыту шеңберінде субсидия мемлекеттік реттеудің маңызды тәсілі болып табылады [2]. Соңғы жылдары субсидиялау көлемі жыл сайын артуда. Мәселен, 2003-2011 жылдарда Қазақстанның АӨК-дегі кәсіпорындарға 108,9 млрд теңге көлемінде субсидия бөлінді. Қаражаттың

көпшілігі ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасына (өсіру, өңдеу, сапаны арттыру, өнімділікті арттыру) бағытталды, яғни 91,1 млрд теңге немесе 83,7%, ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламасына (қаржы лизингі және несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және т.б.) 11,2 млрд теңге немесе жалпы бөлінген қаражаттың 10,3%-ы.

АӨК саласындағы қызмет тек республикалық емес, сондай-ақ жергілікті бюджеттен де қаржыландырылады (5-сурет).

2-кесте – 2010-2014 жылдарда Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігі бойынша республикалық бюджет шығындары, млн теңге

| Аталуы | 2010 ж. факт | 2011 ж. факт | 2012 ж. факт | 2013 ж. факт | 2014 ж. факт | Өсу қарқыны,% | |
|--|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|---------------|---------|
| | | | | | | 2013 ж. | 2014 ж. |
| Ауыл шаруашылығы | 81356,7 | 130453,3 | 96777,3 | 160847 | 104494 | 166,2 | 64,9 |
| Су шаруашылығы | 23422,3 | 35474,6 | 52523,0 | 57639 | 33224,4 | 109,7 | 57,6 |
| Орман және аң аулау шаруашылығы | 5792,7 | 7579,0 | 7906,6 | 10850,8 | 15307,6 | 137,2 | 141,1 |
| Балық шаруашылығы | 843,6 | 849,8 | 552,9 | 1471,5 | 1032,9 | 266,1 | 70,2 |
| Министрлік бойынша барлығы | 161350 | 200220 | 229157 | 224142 | 183 929 | 97,8 | 82,06 |
| Ескерту – ҚР АШМ мәліметтері негізінде құрастырылған | | | | | | | |

Жергілікті бюджеттен АӨК-ге қаражаттар Алматы облысына – 10,9%, Ақмола облысына – 10,7%, Қостанай облысына – 10,3%, Солтүстік Қазақстан облысына – 10,2%, Шығыс Қазақстан облысына – 8,3% көлемінде бөлінген.

Ауыл экономикасын көтеру мақсатында соңғы онжылдықта қаржымен қамтамасыз етілген мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылданып орындалды. Тек 2014 жылы АӨК субъектілерін несиелендіруге 60 млрд теңге бюджеттік несие бөлінді.

Ауыл шаруашылығының дамуы Қазақстан үшін өте маңызды. Қазақстанның Ресеймен және Беларусиямен экономикалық интеграциясы және еліміздің бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіруі отандық агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мензеп отыр.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігі бойынша республикалық бюджет шығындарының өсімі 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 24,1% немесе 38870 млн теңге, соның ішінде ауыл шаруашылығы бойынша 49096,6 млн теңге немесе 60,3%, су шаруашылығы бойынша 12 052,3 млн теңге немесе 51,5%-ға артқан (2-кесте). 2011 жылы шығындар 28937 млн теңгеге немесе 14,4%-ға өскен, бірақ керісінше ауыл шаруашылығы бойынша 25,8%-ға, ал балық шаруашылығы бойынша шамамен 35,0%-ға төмендеді.

Біздің есептеуіміз бойынша ауыл шаруашылығын қолдау мен дамытуға республикалық бюджеттен бөлінетін шығындар 2008-2012 жылдары орташа ЖІӨ-нің 1,1%-ын құрайтындай қаржы бөлінген. Ал Еуропалық Одақ (ЕО) мемлекеттерінде бұл көрсеткіш 25-30%-ды құрайды. Айта кету керек, нарықтық экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнындағы субсидиялардың үлесі 40%-ға де-

йін барады, ал Қазақстан бойынша ол 1,4%-ды құрайды. Есептеулер көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығы жерлерінің 1 гектарына келетін субсидия мөлшері Қазақстанда Ресеймен салыстырғанда 2,9 есе төмен. Қазақстанда 1 гектар егістікке келетін мемлекеттік көмек деңгейі 12,2 доллар болса, ал Канадада бұл 83 доллар, АҚШ-та 107,5\$, Финляндияда 500 доллар, ЕО-та 855 доллар, Швейцарияда 4214 доллар болып отыр, көріп отырғанымыздай айырмашылығы жер мен көктей.

Жапонияда бюджеттің шығын бөлігіндегі ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылай қолдауға бөлінген қаржы көлемі 65%, ал ЕО-да 49%, АҚШ-та 24%, Канадада – 20%, ал Қазақстанда – 5,5%. Сәйкесінше саланы негізгі қорлармен қамтамасыз етпей аграрлық саланы мемлекеттің қаржылық қолдауы бәрібір де жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өнім өндіруге толық мүмкіндік бермейді деп айтуға болады.


Елбасының 5 институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарына сәйкес еліміздің ұзақ мерзімде дамуында ұстанатын басты бағыт тікелей шетел инвестициясын тарту болып табылады. Экономикада ЖІӨ-нің жыл сайынғы 4%-дан кем емес өсімге қол жеткізу, инвестиция көлемін ЖІӨ-нің 18%-ден 30%-ға дейін арттыру қарастырылады. Экономиканың ғылыми моделін енгізу қазақстандық экспорттық потенциалда шикізаттық емес өнімдер үлесін 70%-ға дейін жеткізу мақсатын көздейді [4].

Батыс елдерінің аграрлық секторын инвестициялауды талдау көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығының негізгі инвесторы ол мемлекет, ол экономикалық тиімді өндірісті қамтамасыз ету үшін және тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін ауыл шаруашылығы

тауарын өндірушілерге күшті қаржылық қолдау көрсетеді.

Есепті жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемінің өсуі байқалуда, мәселен, 2013 жылы 2004 жылмен салыстырғанда оның көлемі 3 есе өс-

кен. Инвестицияның жалпы көлемінде ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның үлесі 2,2%-ды құрайды. 2013 жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция мөлшері 0,7%-ға өсіп 142,1 млрд теңге болды (6-сурет).



6-сурет – 2005-2014 жылдары ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар, млрд теңге

Ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның нақты көлем индексі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға артқан. Мұнда инвестицияның жалпы көлемінде ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның үлесі 2,3%-ды құрайды.

Негізгі капиталға салынатын инвестицияларды қаржыландырудың негізгі қайнар көздері болып инвесторлардың өздерінің қаражаттары (жалпы инвестиция көлемінің 51,7%-ы) табылады.

Ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның басым бөлігі Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы (негізінен маусымдық дақылдар өсіруге), Ақмола облысы (негізінен мал шаруашылығына) үлесіне тиесілі болып отыр.

Ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның шамамен 62,0%-ы маусымдық дақылдарды өсіруге және 27,2%-ы мал шаруашылығына бағытталған. Жамбыл облысы осы екі бағыттағы инвестицияны тартуда көп

жұмыстар атқаруда. 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 9 есе өскен, яғни Жамбыл облысының республика бойынша инвестициялық тартымдылығы жоғары екенін байқауға болады. 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның көлемі 22,4%-ға артқан. Сонда да ауыл шаруашылығына салынатын инвестицияларды қаржыландырудың негізгі қайнар көздері болып инвесторлардың өздерінің қаражаттары (жалпы инвестиция көлемінің 60,6%-ы) табылады [3].

Қазіргі таңда мемлекеттің әлемдік экономикалық қауымдастыққа интеграциялану бағытын зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Елдегі жағымды ішкі климатты жасау, инвестициялық кешенді басқару, тиімді инфрақұрылымды құру, қаржы процестерін заңнамамен қамтамасыз ету елдің ішкі қаржы ресурстарының қалыптасу және қолданылу процесін жете зерттеусіз мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 Инновационная деятельность и финансирование инвестиций в сельском хозяйстве / Ахметов Р.Г., Шайкин В.В. – М.: Изд-во МСХА. – 2012.
- 2 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2015-2020 гг.: офиц.текст. – Астана, – 2014. – 179 б.
- 3 ҚР қаржы Министрлігінің мәліметтері
- 4 Akhmetov R.G. Innovation and investment financing in the agriculture. – М.: Publishing house, 2012.
- 5 State agricultural and food program of the Republic of Kazakhstan for 2015-2020. – Astana, 2014. – 179 p.

References

- 1 Innovacionnaja dejatel'nost' i finansirovanie investicij v sel'skom ho-zjajstve / Ahmetov R.G., Shajkin V.V. – М.: Izd-vo MSHA. – 2012.
- 2 Gosudarstvennaja agroprodovol'stvennaja programma Respubliki Kazahstan na 2015-2020 gg: ofic.tekst. – Astana, 2014. – 179 b.
- 3 ҚР қаржы Министрлігінің мәліметтері
- 4 Akhmetov R.G. Innovation and investment financing in the agriculture. – М.: Publishing house. – 2012.
- 5 State agricultural and food program of the Republic of Kazakhstan for 2015-2020.- Astana. – 2014. – 179 p.